



№46 (10036)  
11 маусым,  
сейсенбі  
2024 жыл

# Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»  
ақпараттық азаматтізі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

**Бәрекелді!**

## 6 университеттен шақырту алды

Облыс орталығындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің биылғы түлегі Алуа Абдраим Назарбаев университетінен және Гонконгтағы 6 ЖОО-дан шақырту алды.



Жас зияткер таңдауы Hong Kong Baptist University-ге түсті. Бұл білім ордасы халықаралық аккредиттеуден өткен әлемдегі үздік бизнес мектептерінің бірі болып табылады. HKBU жастарды XXI ғасыр талап ететін инновациялық серпін мен креативті ойлауға дайындайды. Бірінші жыл міндетті бизнес курстарын оқытса, содан кейін студенттердің ұсынылған 8 бағыттың бірін таңдауға мүмкіндігі бар. Алуа Information Systems-ке баруды жоспарлауда, себебі болашақ – компьютерлік ғылымның қолында екенін жақсы түсінеді.

Сонымен қатар Алуа Гонконгтағы әлемдік бірегей компанияларда тәжірибе алмасып, Қазақстандағы кәсіпкерлікті цифрландыру саласына айтарлықтай үлес қосуды мақсат етіп отыр.

– NIS-тегі сапалы білім, мықты тәрбие, түрлі үйірмелер, бай кітапхана, қызықты байқаулар мен ерекше жобалар менің ой-өрісімді дамытып, дүниетанымды кеңейте түсті. Академиялық мықты бағдарламаның арқасында болашақта қажет болатын дағдыларды бойыма жинап, зерттеушілік қабілетімді дамыттым. Осы жолда қолдау көрсеткен барлық ұстазыма және сыныптастарыма алғысымды білдіремін, – дейді Алуа.

## 242 мыңнан астам өтінім түскен

Жаңа оқу жылынан бастап мектеп табалдырығын аттайтын оқушылардың ата-аналарынан өтінімдер 1 сәуірден бастап қабылдана бастады. Құжат қабылдау 31 тамызға дейін жалғасады.



«Бүгінгі таңда 242 мыңнан астам өтінім түскен. Бірінші сыныпқа қабылдау бойынша ең көп өтінім Түркістан, Алматы, Қызылорда облыстарында, сондай-ақ Алматы, Астана қалаларында тіркеліп отыр» делінген Оқу-ағарту министрлігі Орта білім беру комитетінің хабарламасында.

Ата-ана балаларының құжаттарын egov.kz электронды үкіметінің веб-порталы арқылы бере алады. Баланы бірінші сыныпқа қабылдау үшін ата-ананың немесе заңды өкілдің өтініші, 065/е нысанындағы «Профилактикалық екіпелер картасы» және №052-2/е нысанындағы «Бала денсаулығы картасы» медициналық құжаттары және баланың 3x4 см көлеміндегі цифрлық суреті сұралады.

Өтініштер демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында қабылданады. Министрлік дерегіне, биыл 370 мыңнан астам бала бірінші сыныпқа қадам басады.

«ЖЖ» ақпарат



**Жетімін  
жылатпаған ел едік...**

4-БЕКТЕ

**Бағдарлама игілігі**



## Қап өзімізде өндіріледі

Ауданда кәсіпкерлік саласы түрлі жобалар арқылы дамып келеді. Мәселен, бұрын кәсіп тек егін мен мал басын көбейтуге бағытталса, қазір түрлі инновациялық жобалар жүзеге асырылуда. Соның ішінде қап шығару кәсібіне ерекше тоқталуға болады.

Иә, өңірде қайтарымсыз грант алып, кәсіпін көкілегін кеңейткен іскер азаматтардың үлкен шоғыры қалыптасқан. Соның бірі – аудандағы қалдықсыз өнім шығаратын «Нұр» қап зауытының иесі Асылхан Нұрасылов. Өндіріс ошағынан бір демде күріш, жем, қоқыс салуға арналған 10 мың қап шығарылады. Бүгінде зауыттың жұмысын жүйелеуге 4 адам жұмылдырылған. Сол арқылы аудандағы жұмыссыздық мәселесін шешуге де септігін тигізгіп отыр.

Кәсіп иесі Асылхан Нұрасыловтың айтуынша, шикізат көршілес Өзбекстан елінен келеді. Бұл кәсіп түрі Өзбекстанда қарқынды дамыған. Нақтырақ тоқталсақ, ала тақиялы ағайындарда 50-ден аса қап өндіретін зауыт бар көрінеді. Ал зауыттың басты техникасы Қытайдан арнайы жеткізілген.

– Қаптар бізге Қытайдан келеді. Сонын осы қаптарды өзімізде де шығаруға болады ғой. «Неге шағын зауыт ашпасақ?» деген ой келді. Жобасын жасап, ғимаратқа жер іздей бастадым.

Жобаны дайындап, мемлекеттен қаржылай қолдау таптым. Қытайдан құрылғылар сатып әкелдік. Сөйтіп шағын зауытты іске қостық, – дейді кәсіпкер.

Алдыңмен полимер шикізатынан жіп иіріледі. Дайын жіптен қап тоқылады. Одан әрі қапты өлшемінә қарай кесу, тігу, тапсырыс берушінің логотипімен басып шығару жұмыстары жүргізіледі. Барлық жұмыс тапсырыс берушінің қалауы бойынша жасалады. Зауытта түрлі-түсті логотипті басып-шығару цехы да іске қосылған. Одан бөлек бұл жерде қаптың ішіне целофан қосып

тігетін цех жұмыс жасайды.

Іскер азамат бұл кәсіпті бастауды көптен бері ойға түйіп жүрген. Ойға алған жұмысынан өнім алып отырған ол алдағы уақытта өнімін тек облыс көлемімен ғана шектелмей, шетелге экспорттауды мақсат етіп отыр. Бұл игілікті істің барлығы «Ауыл аманаты» жобасы аясында алған несиенің арқасында жүргізіліп отыр.

Айта кетейік, бүгінде «Ауыл аманаты» жобасы аясында ауданға қарасты кент пен 8 ауылдық округ бойынша «Байқоңыр ӘКК» АҚ арқылы өндіріс, асыл тұқымды мал шаруашылығы, қызмет көрсету, өсімдік шаруашылығы бағытында 179,7 млн теңгені құрайтын 22 жоба қаржыландырылған.

Мейрамбек ОСПАН

**Қабылдау**

## Азия чемпионына құрмет көрсетті

**25-28 МАМЫР  
АРАЛЫҒЫНДА ТАЙВАНЬ  
МЕМЛЕКЕТІНІҢ ТАЙБЭЙ  
ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН  
ГІР СПОРТЫНАН АЗИЯ  
ЧЕМПИОНАТЫНДА  
ЖАЛАҒАШТЫҚ ТӨЛЕГЕН  
ҚАЙСАР ТОП ЖАРҒАН  
БОЛАТЫН. АУДАН ӘКІМІ  
АРДАҚ ИБРАИМОВ АЙМАҚ  
МАҚТАНЫШЫНА ҚҰРМЕТ  
КӨРСЕТИП, АЛДАҒЫ  
ЖАРЫСТАРҒА СӘТТІЛІК  
ТІЛЕДІ.**

– Соңғы жылдары жалағаштық спортшылар байрағымызды биіктен желбіретер үлкен додаларда топ жарып, аудан аймақ, қалаберді ел мерейін үстем етуде. Бұл аудан спортында соңғы жылдары серпін қалыптасқанын аңғартса керек. Жуырда өткен Азия чемпионатында жерлесіміз Төлеген Қайсардың жеңісі бұл сөзімізді қуаттайды. Алдағы уақытта ел мақтанышының мұнан да биік белестерді бағындыратынына сенемін. Жеңісті күндер көп болсын, үлкен додаларда байрағымыз биіктен түспей, әнұранымыз шырқала берсін. Осы жолда жалағаштық спортшылар да талмай еңбек етіп жатыр. Сіздер – ауданның аймақтық, өліміздің мақтанышысыздар. Сондықтан үкілемен үмітімізді ақтап, салада біраз белесті бағындырған жалағаштық спортшыларға қандай құрмет көрсетсек те артық болмайды, – деді Ардақ Әбдіғалпаурұлы.

14 мемлекеттің спортшылары бақ сынаған тартысты бәсекеде Жалағаштық Қайсар Төлеген жастар арасында 78 келі салмақ дәрежесінде өткен серпе көтеру жаттығуынан алтыннан алқа тағып I орынға, ұзын айналым жаттығуында II орынға тұрақтаған. Бойындағы күш жігерін өлем алдында елдің абыройы үшін дөпделдей білген чемпионға Ардақ Ибраимов құрмет көрсетті. Жеңімпазға 200 мың теңге қаржылай сыйақы мен аудан өкімінің алғыс хатын табыстаған ол спорт саласы бойынша атқарылып жатқан жаңа бастамаларға сәттілік тілеп, қашанда қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді.

Айта кетейік, 2016 жылы ауданда «Наркескен» спорт клубында арнайы гир спорты бойынша үйірме ашылған. Азия чемпионы Төлеген Қайсар – осы үйірменің мүшесі. Аудан құрама командасын дайындап, олардың спорттық деңгейін жақсартуға бұл бастама сеп болғанын жақсы білеміз. Сол



жұмыстар бүгінде өз жемісін беріп, аталған спорт түрі дамып, онымен айналысқысы келетін жастар қатары артақ.

– Аудан әкімдігінің қолдауымен, демеушілердің көмегімен гир спорты үйірмесі талапқа сай қажетті құралдармен қамтамасыз етілді. Спортшылардың сайыстарға қатысуына жағдай жасалды. Гир тасын алақанда ойнататын Абдулхасан Сейтеновтің шәкірттері, «наркескендіктер» намысты қолдан бермей, өліміздің, облыстың, ауданның абыройын асқақтатуда. Бүгін аудан әкімі Ардақ Әбдіғалпаурұлы спортшымызды қабылдап, құрмет көрсетті. Бұл спортшымыз үшін, біз үшін үлкен шабыт болды, – дейді аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы Еркебулан Жамалатов.

Иә, «Наркескен» спорт клубындағы гир спортының үлкен жетістіктеріге жетуде үйірме жаттықтырушысы Абдулхасан Сейтеновтың де еңбегі зор. Ол күні-түні шәкірттерін шындауда қажырлы еңбек етті, бүгінде оның жемісін аудан жұрты көріп отыр. Олай дейтініміз, шәкірттері қазіргі таңда тек аудан, облыс көлемінде ғана емес, көк байрағымызды биіктен желбіретіп, әлемді бағындыруда. Міне, осының бәрі – білікті бапкердің тыңғылықты жұмысының жемісі. Қайсар да Азияны бағындыруда бапкерінің үлесі зор дейді.

– Мен бұл үйірмеге 8 сыныпта келдім, бапкерім Абдулхасан Сейтеновпен аудан орталығындағы алаңда өтіп жатқан спорттық сайыста таныстым. Содан бері гир спортымен айналысып келемін. Аптасына 3 рет спорт залда дайындаламын. Үздіксіз дайындықтың арқасында бапкеріммен бірге үлкен жетістіктерге жетіп жатырмын. Қазақстанды әлемге танытып, көк байрағымызды әлемдік додаларда желбірету үшін қолымнан келгенше еңбек етемін. Қазіргі таңда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша білім алып жатырмын. Азия чемпионатына 14 мемлекеттен үміткерлер келді. Соның ішінде топ жарып, артылған сенімді ақтадым. Ендігі мақсат – оза шауып, Әлем чемпионы атану, – дейді Қайсар Төлегенұлы.

Айта кетейік, Қайсар Төлеген – Дәуімбай елді мекенінде орналасқан З.Жарқынбаев атындағы №202 орта мектептің түлегі. Ол бүгінде облыс орталығындағы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Дене шынықтыру» факультетінде облыс әкімінің грантымен білім алып жатыр. Бұған дейін салада жеткен жетістігін тарқатып айтсақ, Қайсардың атына заты сай азамат екеніне көз жеткізесіз. Жалағаштық спортшы осыған дейін Қазалы қаласында өткен «Алтын күз»

ауыл спартакиадасында да 73 келі салмақта қарсылас шақ келтірмеді. Аталған үйірменің ауыз толтырып айтатындай мақтан тұтар басқа шәкірттері де жетерлік. Себебі онда өз ісінің білікті маманы, нағыз шебер жаттықтырушы Абдулхасан Сейтенов чемпиондарды шындап, аудан спортының дамуына өзіндік үлесін қосып жүр.

– Үйірмеге аудан, ауыл білім ошақтарынан аптасына 4 күн 60-тан аса оқушы келеді. Спортшыдан көрегі бір пайыз талант, тоқсан тоғыз пайызы еңбек. Жігіттер сондай еңбекқорлығының арқасында спортта талай сындалды. Олар спорт шеберіне үміткер атағын алу үшін де біраз тер текті. Мәселен, Қайсар Төлеген осындай тынымсыз жаттығудың арқасында спорт шебері атанды, – дейді гир спорты үйірмесінің бапкері Абдулхасан Сейтенов.

Айта кетейік, үйірме қатысушылары ауыл спортшылары бас қосатын «Алтын күз» спартакиадасынан соңғы 3 жылда командалық есеп бойынша алғашқы үштіктен түспеген. Аудан жұртының үмітін ақтаған спортшылар алдағы уақытта Қазақстан ұлттық құрамасына кіріп, ел абыройын Азия және Әлем чемпионатында қорғап, мемлекет мерейін үстем етеді деп сенеміз.

Ерлан ӘНУАРҰЛЫ

**Сұхбат**

Мәулен ӨСЕР, аудандық полиция бөлімі бастығының міндетін атқарушы:

# Қылмыспен күрескеннен алдын алған тиімді

**СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ЕЛІМІЗДЕ АЛАЯТҚ ҚЫЛМЫСТАР КӨБЕЙГЕН. АУДАНДЫҚ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ ОНЫМЕН КҮРЕСТЕ ЖҮЙЕЛІ ШАРАЛАРДЫ ҚОЛҒА АЛУДА. БІРАҚ ОНЫҢ НӘТИЖЕСІ БАР МА? АУДАНДА БАСҚА ДА ҚЫЛМЫСТАРМЕН КҮРЕСУДЕ НЕНДЕЙ ШАРАЛАР ҚОЛҒА АЛЫНУДА? ОСЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ БІРҚАТАР САУАЛЫМЫЗҒА ЖАУАП АЛУ ҮШІН АУДАНДЫҚ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ БАСТЫҒЫНЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ МӘУЛЕН ӨСЕРМЕН СҰХБАТТАСҚАН ЕДІК...**



— Мәулен Жайшылықұлы, жалпы ауданда қылмыспен күресте нендей шараларды қолға алдыңыздар және оның нәтижесі қалай?

— Ішкі істер органдарының қылмыспен күресте басым-бағыттарының бірі кезекші тәулікте қылмыстарды ізін суытпай ашу және қылмыстың алдын алу профилактикасы болып табылады. Біз осы мақсатта жұмыс жасап, неқұрлым ауданда қылмыспен күресіп келеміз. Негізінен онымен күрескеннен алдын алған әлдеқайда тиімді. Сондықтан бүгінгі таңда біздің ұжым қылмыстың алдын алуға бірқатар жобаларды қолға алуда. Бүгінде оның барлығы өз жемісін беруде. Осы бағытта біршама жұмыстар атқарылып, 2024 жылдың 5 ай 10 күнінде тіркелген қылмыстардың саны өткен жылмен салыстырғанда 48-ден 45-ке, яғни 6,3 пайызға төмендеді, ал ашылу көрсеткіші 72,2 пайызды құрап отыр. Алдағы уақытта бұл көрсеткішті әлі де төмендетуге жұмыс жасаймыз. Өзірге ауданда ахуал тұрақты. Бірақ оған тоқмәйлуге тағы болмайды. Сондықтан әлі де жұмысты ширатамыз.

— Осы күнге дейін тіркелген қылмыстарға талдау жасасаныз. Жалпы оның қай түрінде өсім байқалады?

— Тіркіелген қылмыстардың ішінде алаяқтық қылмыстар өткен жылмен салыстырғанда 3-тен 7-ге, яғни 133,3 пайызға өскен. Ашылу көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда 50 пайыздан 83,3 пайызға жогарылады.

Өздеріңіз көріп отырғандай, бұл жерде алаяқтық қылмыстар артып отыр. Бүгінгі таңда тіркелген

7 алаяқтық қылмыстың 5 дерегі ашылып, 1 дерек бойынша күдікті анықталып отыр. Аудандық полиция бөліміне күдікті тұлғаны жеткізу мақсатында жеке тапсырма жіберілді. Қалған 1 дерек бойынша тексеру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Тіркіеліп жатқан барлық алаяқтық қылмыстарына талдау жасалып, мәселенің алдын алу мақсатында нақты жұмыстар атқарылды.

— Қазіргі таңда алаяқтық қылмыстың ішінде қайсысы көп тіркелген?

— Қазіргі уақытта, ең көп тіркеліп жатқан алаяқтық қылмыстардың ішінде әлеуметтік желі арқылы көп пайда табу немесе азаматтардың сыртынан онлайн несие алу, оңай жолмен табыс табу болып отыр. Сондықтан тұрғындар банк қызметкері болып немесе жақындары болып хабарласқан алаяқтардың құрбанына айналмауы тиіс. Қазіргі таңда осындай қылмыстардың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргіземіз. Бұл қарапайым шара секілді көрінгеннен қылмыстың алдын алуға үлкен көмек болатынын білуіміз керек.

Алаяқтық әрекеттердің құрбаны болудан сақтану үшін тұрғындар назарына орын алған алаяқтық қылмыстарына сәйкес, соңғы уақыттардағы байланыс жүйесі арқылы жасалатын алаяқтық түрлерін түсіндіру жұмыстары және халық көп шоғырланатын орындарда ескерте қағаздары ілініп, бұқаралық ақпарат құралдарына және интернет ресурстарға мақалалар жарияланды. Алдағы уақытта аудан көлемінде алаяқтық қылмыстардың алдын алу бағытында жеке құрам қызметкерлеріне тапсырмалар беріліп,

сұраныс жасалып, профилактикалық жұмыстар жүргізу жалғасын табады.

Одан бөлек халықты құлақтандыру мақсатында фейзбук, инстаграм әлеуметтік желілеріне құнара алаяқтықтың түрлеріне қатысты үздіксіз материалдар шығып жатыр. Сонымен бірге бейнеролик жасалып, аудандық полиция бөлімінің ресми парақшасына жарияланды.

— Жалпы ауданда қылмыстық ахуалды күрделендірмеуде профилактикалық шаралардың маңызы бар ма?

— Жаңа сөз басында айттым, тағы да қайталап айтамын. Кез келген профилактикалық шараның қылмыстың алдын алуға маңызы жоғары. Тек ол мақсатты өрі жүйелі түрде жүргізілуі керек. Мәселен, жыл басынан бері ауданда

2 рет «Антифрод» жедел профилактикалық іс-шарасы өткізіліп, қызметтік көлікпен арнайы жарнама парақтарын іліп, халық көп шоғырланған жерлерде дауыс күшейткіш арқылы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, әлеуметтік желілерге бейнероликтер көрсетілді. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің киберқылмысқа, оның ішінде телефон және интернет-алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес жоспар құрылып, сол бойынша тиісті жұмыстар атқарылууда.

— Жалпы бұл бағыттағы әріптестеріңіздің жұмысына көңіліңіз тола ма?

— Аудандық полиция бөлімі бастығынан бастап қарапайым қызметкерлеріне дейін қазіргі таңда қылмыспен күресуде және оның алдын алуға нәтижелі еңбек етіп жатыр. Сондықтан мен олардың жұмысын жоғары бағалаймын. Себебі уақытпен санаспай тәулік бойы тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеміз. Әлбетте ол біздің негізгі міндетіміз екенін де жақсы білемін. Сондықтан алдағы уақытта да қылмыспен күресте, оның алдын алуға нәтижелі жобаларды қолға алып, жұмысты жандандырамыз.

— Алаяқтардан сақтану үшін қарапайым халыққа қайтпек керек?

— Тұрғындар біз айтқан ескертпелерге, түсіндірме жұмыстарына нәміқұрайлы қарамаса деймін. Сонда біздің жұмыс та жеңілдер еді. Себебі алаяқтар соңғы жылдары нәбір айла-тәсілмен қарапайым халықтың қалтасын қағуды әдетке айналдырған. Біз олармен мейлінше күресеміз. Бірақ халық та біздің түсіндірме жұмыстарымызға сәлқос қарамаса дейміз.

— Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан  
Ақнұр АЛТЫНБЕК



**Сенбілік**

# Тазалық бәрінен маңызды

Еліміздің алдағы басты мақсаты – өркениетті елдердің қатарынан көріну. Ол үшін әрине, ең маңызды мәселенің бірі – қоршаған ортаның тазалығы. Тіпті шет елдерден келетін саяхатшылардың өзі бірінші тазалыққа мән береді. Өзіміз де тысқа шықсақ, тазалықты салыстыратынымыз да өтірік емес. Тазалықтың артында мәдениет жатқанын ескерсек, келген мейман біз өмір сүретін өңірдің көркіне қарап, сынап не сүйсініп кетерін де санаға түйген абзал. Қысқасы, көшелері күл-қоқыстан көз ашпаған елдің өркениетке қадам баспайтыны анық. Бұл тұста нардың жүгі тек мамандарға ғана емес, барлығымызға түсері сөзсіз. Сондықтан абырой ортақ.



Тазалыққа тек мемлекет тарапынан ғана көңіл бөлінеді дей алмаймыз. Жергілікті тұрғындар да тазалыққа тастай талап керек екенін түсініп, қоршаған ортаның көгалдануына, көркеюіне атсалысып, дағдыланып келеді. Осы ретте өткен сенбіде аудан орталығында және ауданда қарасты көнт, ауылдық округтерде жаппай санитарлық тазарту іс-шарасы өтті. Сенбілікке мекеме қызметкерлері мен аудан тұрғындары бір кісідей атсалысып, әрбір ұжым бөлігін аумақтарда, көшелерде тазалық жұмыстарын жүргізді. Өңірдің өркендеуін, елді мекеннің мұнтаздай таза болуын ортақ абырой деп білетін аудандағы барлық мекеме ұжымы жол жиегіндегі арықтарды күл-қоқыстан арылтып, сенбілік жұмыстарының

қар-қын алуына өз үлесін қосты. Сондай-ақ сенбілік барысында жабайы шөптер шабылып, қураған талдар кесіліп, аяқсу жүретін арықтар қураған жапырақтардан тазартылып, 13 тонна жуық күл-қоқыс белгіленген орындарға шығарылды. Жалағаш кенті және ауылдық округтердегі талдар мен бордюрларды әктеу, парктер мен аллеяларды тазалау жұмыстары қарқынды жүргізіліп, жалпы 145 мекемеден 1800-ге жуық адам қатысып, 24 техника жұмылдырылды.

Қазір аудандағы әрбір мекеме ұжымы тазалық маусымында табандылық танытып жатқанын көріп отырмыз. Енді әрбір сенбілікке жергілікті тұрғындар да өз үлесін қосуда аянып қалмауы керек. Әрбір адам өзі тұратын үйдің

ауласы мен көшелердің көркеюіне және тазалығына мән берсе, күл-қоқыстармен келетін түрлі инфекциялық аурудың болмасы анық. Әсіресе көше бойына қойылған қоқыс жәшігіне салынатын қалдықтардың тиісті жәшіктің ішіне салынуы, жәшік толған жағдайда жауапты мекеменің уақытында тазартып отыруы да үлкен септігін тигізеді.

Айта кетейік, ауданда айдың басынан бері «Жасыл ел» еңбек жасақтарының жұмысы бастау алды. Оның мақсаты – әрине, аудан жастарының басын біріктіріп, тазалыққа үндеу.

Өңірдің өркендеуіне, мұнтаздай таза болуына атсалысу – әрбірімізге азаматтық парыс. Кенттің көркейіп-кегалдануы тек қаражатқа келіп тірелмейтінін түсінуіміз керек. Яғни өңірдің

күл-қоқысын тазарту – қолкөмекпен жасалатын іс. Білсе білсек, сол күл-қоқысты тастайтын өзіміз, әр ауланың айналасына тұрмыстық қалдықтарды жинап қоятын да тағы біз, қалаберді адам аяғы басуға болмайтын кір суын да төге салатын тұрғындар бар.

Адам баласы ақыл айтуға шебер ғой, бірақ сол өзгеге айтқанын өзі де істесе, дұрыс-ақ. Елмен бірге тазалық айлығында сол өзіміз тастауға, арықтарды қалдықтардан арылтуға атсалыссақ, бірлігіміздің арқаны, берекеміздің тасығаны болар еді. Осы ретте жұмыла көтерген жұктің жеңіл боларын түсінетін уақыт жетті.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

**Егінжай – 2024**

# Күріш толық суға бастырылды

Биыл ауданда 37 365 гектар алқапқа егін егілді. Оның ішінде Сырдың басты дақылы 18 500 гектар болып межеленген еді. Аудандық ауыл шаруашылығы мен жер бөлімі кейін судың көп келуіне байланысты 19 300 гектар алқапқа күріш егілгенін айтады. Биыл күріш көлемінің қысқаруына басты себеп аяқсу болғаны айтпаса да түсінікті. Мұнан бөлек 770 гектар жаздық, 129 гектар күздік бидай, 40 гектар арпа, 700 гектар сүрлемдік жүгері, 530 гектар мақсары, 90 гектар қант құмайы, 65 гектар соя, 5 гектар сұлы, 650 гектар картоп, 1115 гектар көкөніс, 1296 гектар бақша дақылы, 650 гектар картоп, 4850 гектар жаңа жоңышқа егіліп, 7825 гектар ескі жоңышқа күтімге алынды.



Аудандық ауыл шаруашылығы мен жер бөлімінің мәліметіне сүйенсек, 199 шаруашылық егін егу жұмыстарын тәмамдаған. Оның ішінде 152 шаруашылық күріш өккен. Нақтыланған 19 300 гектар күріштің 19 173 гектарына шаруашылық құрылымдары су жеткізіп беру қызметіне келісім-шартқа отырса, 127 гектар күрішті сумен қамтамасыз ету үшін механикалық су беру арқылы қашыртқыдан су алынады.

Қазіргі таңда 19300 гектар Сырдың басты дақылына толық тұқым себіліп, суға бастырылған. Шаруашылықтар тарапынан көктемгі егін орналастыру жұмыстарына «ГосАгро» порталы арқылы 2 335 тонна жөңілдетілген дизель жанармайына өтім берілген. Бүгінде 49 шаруашылық 1 735 тонна дизель жанармайын алып, егін орналастыру жұмыстарына пайдалануда. Дизель жанармайының 1 литрі 248 теңгеден жеткізіліп берілуде.

Биыл егін орналастыру жұмыстарына шаруашылық құрылымдарына қажетті 6 500 млн теңге бүгінде 100 пайыз дайын, яғни қаражаттан мәселе болмайды.

Аталған бөлім 2024 жылы егінді күтіп-баптау барысында 32 сұтартқыш насос қондырғысын пайдалану жоспарлануда. Оның ішінде 13 насос «Қазсушар» өндірістік учаскесі тарапынан шаруашылықтарға берілсе, қалған 19 насос шаруашылықтардың өз қаржысына алынған. Қазіргі таңда 2 насос қондырғысын аудандағы «Ер-Әлі» шаруа қожалығы оңтүстік коллекторға, «Ақиет» шаруа қожалығы Жаңашайхы каналына күріш дақылын сумен қамтамасыз ету мақсатында пайдалануда.

Ауданда аймақ басшысының тапсырмасымен бақша салуға ниетті тұрғындарға жер ашып беру дестурге айналды. Бұл бір жағынан ауданда бақша дақылдары бағасының тұрақтауына, тіпті арзандауына айтарлықтай сеп болды. Биыл да ауданда жеке тұрғындар тарапынан 500 гектар жерге картоп, көкөніс, бақша дақылдарын егу жоспарлануда. Қазіргі таңда 265 гектар жер дайындалып, 110 гектар жерге картоп, бақша дақылдары егілді. Шаруашылықтардың демеушілігімен картоп, көкөніс, бақша дақылдарын орналастырылатын жерлер дайындау әлі де жалғасуда.

Тиісті сала мамандары аудандағы суармалы жерде дақылдарды егу тәртібіне тұрақты бақылау жұмыстарын жүргізуде. Бүгінгі күнге дейін күріш дақылын артық егіп, ауыспалы егіс тәртібін өрескел бұзған 21 шаруашылық анықталған. Заңға сәйкес тиісті шаралар қабылдау үшін облыстық жер ресурстарын басқару департаментіне жолданған. Қазіргі таңда көктемгі егін егу жұмыстары толығымен бақылауға алынып, қадағалануда.

Суармалы жерлерге ауыл шаруашылығы дақылдарын межеге сай егу бойынша мониторинг жұмыстары жалғасады. Жергілікті шаруашылықтар «одан артық табысқа кенелімін» деген түсініктен арылуы керек. Себебі артық өнім еккеннен өнім сапасы жоғалады. Екіншіден, аяқсудан тапшылық болады. Біз осындай оқпылыққа жол бермеу үшін мониторинг жұмыстарын жалғастыра береміз. Ауыл шаруашылығы жерлері өз мақсатына игерілуі керек және артық өнім егуге жол берілмейді, – дейді бөлім басшысы Алтынбек Дәрібаев.

Иә, жалағаштық дикандар саланы жыл сайын табысты қорытындылап келеді. Биыл да дәстүр жалғасын сияқты. Себебі мамандар жоспардан артық су келгенін айтады. Оның үстіне егінді ертаратандыруға жергілікті шаруашылықтар басымдық берген. Яғни Сыр салысының көлемі қысқарып, керісінше суды аз қажет ететін дақылдарға басымдық берілген. Демек, биыл дикандар аяқсудан айтарлықтай қысылмайтын секілді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

**Жайдарман – 2024**

# «Талант» топ жарды

Қонысбек Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінде Жалағаш ауданы өкімінің жүлдесіне арналған республикалық жайдарман сайысы өтті. Онда еліміздің түкпір-түкпірінен келген 13 команда бақ сынап, жүлделерді сарапқа салды. Жайдарман ойынын елімізге белгілі жайдарманшы Әліби Басаров жүргізді.

Аудан өкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов көрерменнің көңілінен орын алған жайдарманшыларға аудан өкімінің алғысын жеткізіп, үздіктерді марапаттады. Тартысты сайыс қорытындысында I орынды Орал қаласының «Талант» командасы жеңіп алды. Он үш команданың ішінен оза шапқан талантты жастарға 200 мың теңге қаржылай сыйлық табыстылды.

Екінші орынды Астана қаласынан ат терлетіп келген «Ақпән бірге» құрамасы иеленіп, 150 мың теңге қаржылай сыйақыға ие болды. Ал үшінші орынға тұрақтан Қарақалпақстаннан келген «Алмаз» құрамасына 100 мың теңге қаржылай сыйлық табыстылды. Түркістан облысынан келген «Ақбулақ» құрамасының ойыншысы Беқұлы Ерман «Үздік ойыншы» атанып, 50 мың теңге қаржылай номинациямен марапатталды.

«Күлдіре білу – өнер, күле білу – өмір, күлкі болу – өлім» дейді. Бұл сайыста әзілдік, өлі, қалжыңдық қуаты бар, айтқаны өтіп, атқаны тиетін жайдарманшылар жеңіл әзілді төңіректмей, көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, астарлы әзілмен салмақты ойларын да ортаға салды.

Ерлан ӘНУАРҰЛЫ

**Тарих**

# Қос ғасырдың куәсі болған хат немесе қудаланғандар тағдыры

1993 жылы 14 сәуірдегі «Жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» ҚР Заңына сәйкес елімізде 1997 жылдан бастап 31 мамырда «Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні» аталып келеді. Соңғы жылдардағы зерттеулер нәтижесіне сүйенсек, 1927-1953 жылдары Қазақстанда 125 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшырап, 25 мыңнан астамы атылған. Қуғын-сүргін жылдары елімізге Кеңес одағының түкпір-түкпірінен 5 млн-дан астам адам жер аударылды. Сол жылдары елде 953 тұтқындар лагерьі, оның ішінде мемлекет ішіндегі мемлекет атанған мықты жүйе құрылымды ГУЛАГ-тың 20-дан астам лагерьі орналысты.

Республикада тәуелсіздік жылдары 150 мыңға жақын күнсіз қудаланған отандасмыздың аттары жазылған ондаған «Аза кітаптары» жарияланды. 400 мыңға жақын заңсыз қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтар ақталды, бұл шаралар өлі жалғасуда. Жалпы Кеңес одағы бойынша миллиондаған азамат тағдыр тәлкегіне кешті. Зұлмат заманда тұтас халықтар қудаланды. Иә, солақай саясат салдарынан сол жылдары елдің бетке ұстар оқыған, көзі ашық адамдары атылып, асылып, түрмеге қамалып, жер аударылып, қалған ел аштықтан қырылды. Бұл XX ғасырдағы қазақ тарихындағы ең ауыр кезеңдердің бірі болып қала береді. Қазақ ұлты қолдан ұйымдастырылған алапат аштықтың зардабын тартып, ұлы дала бұрын-соңды болмаған орны толмас шығынға ұшырады.

Ел басына күн туған қыиын заманда жазықсыз жазаланған мыңдаған азаматтың бірі менің атам, әкемнің өзі кезінде Сыр бойына белгілі болған діни ағартушы, Қалжан ахун медресесінің түлегі Қоразбай молда ұлы Құлмағанбет молда еді. Ол 1907 жылы Жалағаш ауданында дүниеге келіп, 1955 жылы қайтыс болған. Руы – Кіші жүздің Жетіру тайпалар бірлестігін Табын тайпасының Теке аталығынан. Сыр өліне белгілі Ислам дінін насихаттаушы, діни қайраткер, молда. Араб тілін, шариғатты жете меңгерген, Құран-Кәрімді жатқа біліп, мағынасын қазақшаға аударған. Құлмағанбет молда бес уақыт намаз оқып отырғанда намазға өбден берілген сошалық кезінен жас ағып жыл отырды екен. Өзінің шөкірттеріне аса қатал болған. Намаз оқып отырғанда екі жағында екі шыбық болады екен. Оның бірі жайнамазын басып, намазын бұзған балалар үшін, екіншісі мысыққа арналған. Намаз кезінде балалардың бірі немесе мысық намазын бөліп, жайнамазға аяқ баса, бірден шыбықпен салып жібереді екен. Балалардың майда бұзақылық әрекеттерін тию үшін қыз ба, ұл ма оны ақыратпай екеуіне жазаны бірдей қолданған.

Халық әулие атап кеткен Қоразбай молда мен оның ұлдары Ысқақ, Құлмағанбет молда аталарымыз өмір сүрген уақыты өте қыиын кезеңге тап болды. Бұл Кеңес үкіметінің өздерінен білімі, діни сауаты жоғары тұлғалармен күресу үшін дінге қарсы ұйымдар құрып, құдайсыз қоғам құруға бағыт алған кез еді. Білік қазақ даласында мұсылмандыққа қызушылықтың артағанына дабыл қағып, діндарлықтың артуына діни тұлғалардың иықпалы жоғары екенін бағып, діни қайраткерлерді қудалап, оларды дауыс беру құқығынан айырып, кеңестерге саяси көзқарасымен қарсылық пікір білдіргендерді «халық жауы» ретінде қара тізімге іліктіріп, ату жазасына кесіп, еңбек лагерлеріне айдады.

Құлмағанбет молда кеңес билігі кезінде басына төнген қауіпке қаймықпай XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында әкесі Қоразбай сағдырған Қаракеткен ауылынан 30 шақырым жерде Қараөзек өзені бойында салынған мешіт пен Жалағаш кентінде өкіметке, ағасы Ысқақ молданы бірге Жалағаш кенті Бұқарбай батыр көшесі 72 үй алуасында орналасқан екінің мешітінде діни іс-шаралар өткізіп, елді имандылыққа шақырып, халықтың діни сауатын ашып, балаларға дәрiс берген. Ысқақ атамның үйі осы мешіт алуасында, ал Құлмағанбет атамның қазіргі Бостандық көшесі №33 үйде тұрған. Ол кезде Жалағаш кентіндегі Иманкул мешітін жауып, клуб, басқа мақсаттарда пайдаланғанда халық Қоразбай молданы Жалағаш кентіндегі өкіш мешітін пайдаланғаны туралы деректер сақталған. Мешіт алуасында оның өзі екен екі ғасырдың куәсі деу қара ағаш өлі жайқалып тұр, аялдада мешіттің іргесіне пайдаланған дәу тастар өлі де сақталған.

Ел Қоразбай атының Қаракеткендегі мешітін малмен жайлауға Қарақум асқанда пайдаланса, Жалағаштағы мешіт ел малдарымен қыстауға көшкенде пайдаланған. Қаракеткендегі Қоразбай мешіті елімізде орын алған Кеңес үкіметіне қарсы Қарақум көтерілісінен кейін молдалар қудаланған 1930 жылдары жайылған Жалағаштағы мешіт Ұлы Отан соғысына дейін, соғыс кезінде, соғыстан кейін халыққа қызмет істейтін тоқтатпаған. Мешітке неке қию, намаз оқу, соғыстан қаза болғаны туралы қаралы хабар келгендер жақындарының жаназасын шығарған. Кейін мал ұстауға пайдаланылған бақша егетін жем-шөп дайындайтын ауыл адамдары үшін пана ретінде пайдаланылып келген жартылай бұзылған мешіт өлі сақталған.

1932 жылы Құлмағанбет молда отбасымен Сырдария ауданы Тентек-өзек ауылына жер аударылған. Бұл жерде де Ислам дінін насихаттауды жалғастыруын тоқтатпағанын 1934 жылы НКВД органдарының құрығына ілініп, артынаша Тереңөзек ауданы халық сотының үкімімен қолқоз-ауыл бөлсендісі ретінде Қазақ ССР Қолқоз-ауыл кодексінің 116 бабы бойынша 3 жылға бас бостандығынан айырылды. Қоразбай науқастығына байланысты қылмыстық жауапкершіліктен босатылған. Ресей Федерациясы Мемлекеттік мұрағатының анықтамасында КСРО ІМ-нің 4 арнайы бөлімінің қорында сақталған құжаттарға сәйкес №5 сотталғандар тізімінде НКВД-ға қарасты ГУЛАГ түзеу орындарында жазасын өтеген.

Ысқақ ағасы Жалағаштағы мешітке имам болып, діни шараларды жасырын өткізуді жалғастырды. Әкесі, атасының Ислам дінін насихаттауы менің әкем Асанға да зияны тимей қоймады. Әкесі сотталғанын анасы Рабия, қарындасы Салима, Қоразбай атасымен

ағайындардан жырақта Тентекөзекте тұруға тура келді. Асан әкем сол Тентекөзек бастауыш мектебіне барып, онда 1932-1934 жылдары 1-3 сынып, кейін 1935-1936 жылдары 4-5 сыныпты №6 теміржол мектебінде жалғастырып, 1937 жылы 1-май орта мектебіне ауысып, 1941 жылы мектептің алғашқы түлегі болды.

Үлкендердің айтуынша, шамамен он шақырымды құрайтын Тентек-өзек пен Қызылорда қаласы арасында ол кезде жол жоқ, қатынайтын келік жоқ, әсіресе жаңбырдан соң немесе қыстың күндері екі ортаға қатынау тіпті қиын, анда-санда жаяу арбамен қатынайтын жолаушыларды кездестіруге болады. Бұл ұжымдастыру кезіндегі жаппай аштық, халықтың қырылуына апарған жылдар еді, ересек адамдардың өзі қарақшылар мен аш-жалаңаш адамдар шабуылына ұшырамас үшін топтасып, таяқ, айыр, күрекпен қаруланып жүруге мәжбүр болған, үкімет бөлсенділері қарудың өзі жинап алған. Әсіресе қаланың шеткі аймақтарымен жүріп-тұрудың өзі қауіп болатын. Осындай қиын-қыстау кезде Рабия анасы мен Қоразбай атасы лагерьде жазасын өтеп жатқан Құлмағанбеттен тарайтын жалғыз тұяқтың аман болуын Алладан тілеп, жанын шүберекке түйіп, бір күнде ынық болғанына қарамастан ол үйге тек жылына бірнеше рет берілетін демалыс күндері ғана келетін. Жатақша жә, жас балда күнделікті тамақ табудың өзі қиын, әркімнің пөтерін жалдап тұру, сабағына дайындалудан басқа ол үйдің қысы-жазы отын жарып, суын тасу, басқа да ауыр жұмыстарды істеу бұғанасы қатпаған балаға оңай болмағаны белгілі. Оның үстіне мектепте мұғалімдерді арасында тексеріп келетін бөлсенділер тарапынан кеңестік әдіспен сотталған молданың ұлымен қосымша тәрбие жұмыстарын жүргізу тағы бар. 13-18 жасар бала НКВД назарынан да тыс қалмаған сияқты.

Қоразбай молдаға билік өкілдері Тентекөзектен басқа жерге қоныс аударуға тыйым салғасын қалада немересінің мектебіне жақын тұруға мүмкіндігі болмаған. Сол кездегі замандастарындай Асан әкемнің де балалық шағы қым-қиғаш өте күрделі заманға тура келді. Қоразбай атасының арнайы жіберген немесе жолай тексерген арбақештермен ересектердің бақылауымен қатынауға тура келді. Арбамен жүргенде қасындағы ересек адамдар мен қарақшы, аш адамдар арасындағы болған талай ақштықтарды айтқаны емес-емес есімде. Сондықтан бала Асан жеті жыл өздігіннен қалада оқып, күнделікті мектеп пен пөтер арасында да, демалыс кезінде үйіне барып-қайту кезінде де қауіпке толы жолдарда небір қыиындықты басынан кешіп, өрте есейді.

Осы қиындықтарға мойымаған Асан өкем орта мектепті жақсы бағамен аяқтады. Кейін бір жылдық мұғалімдер курсы аяқтап, атанды. Әкем өзін-өзі жүйелі оқыса атанды. Әкем өзін қарындасымен егде жастағы әке-шешесі, атасымен жазықсыз қудалап, ағайын ортасынан әріксіз көшіріп, кейін әкесін соттап, атасын жер аударған мемлекеттік Сталинград қаласы үшін болған шапқасқа қатысып, Ресей, Украина, Белоруссия, Шығыс Еуропа қалаларын жаудан азат етуге қатысып, соғыстан тек 1946 жылдың қарашасында оралған. Ауыр жазаға алғашқыда отбасына екі рет «қара қағаз» жолданған, екінші рет қате жіберілген «қара қағазға» жалғыз тұрыптан айрылғанын естіген анасы шыдай алмай қаза болған.

Қазақстан Ресей мұрағаттарына сұрату барысында Құлмағанбет атамның кейін ісінің қайта қаралуына байланысты 1940 жылы 11 наурызда мен 1941 жылдың 7 қаңтар аралығында жаза өтеуден босатылып, арнайы қоныстанушы ретінде Шиели каналын қауға жіберілгенін анықтауға мүмкіндігі болды. Ол заманда қырағы НКВД органдары назарынан ештеңе қалмаған. Әкесінің сотты болуы менің әкем Асанға да зияны тиген Ұлы Отан соғысында ерліктері үшін жауынгерлік «Қызыл жұлдыз», «Отан соғысы» ордендерімен, ондаған медалмен марапатталып, әкесінің Отан алдындағы кінесін қанмен жуанына қарамастан соғыстан кейін әуелі Қазақ ССР Әділет министрлігі жанындағы Заңгерлер мектебінде, облыста алғашқылар қатарында Киров атындағы Қазақ ССР Мемлекеттік университетінің заң факультетін аяқтағанына қарамастан сотталған молданың ұлы ретінде қызметте қысым көрген. Сондықтан өз әкесінің тегін алмай, биліктен қудаланса да ресми түрде сотталмаған Қоразбайдың тегіне жазылған. Жанұясында орын алған сауаттылығы, қызметтегі тазалығы және ерліктері арқасында оның кеңес, сот, кәсіподақ органдарында абыроймен қызмет істеп, зейнеткерлікке шығуына көдергі келтіре алмады.

Әкем мен ағайындардың айтуы бойынша арғы атам Қоразбай мен оның ұлы Ысқақ, Құлмағанбет молда Марал ишан ұрпақтары Абдулхамид, Сүлеймен, Тобағабыл, т.б. ишандармен жақсы қарым-қатынаста болған. Олардың ағайындай араласқаны туралы берілді қайтыс болған ишандардың соңғы тұяғы Ақлима, Сүлеймен ишанның ұрпақтары Әбдірашид, Бақытжан, Әбдікерім де айтатын. Қиын-қыстау кезде олардың жеке ағайындарының басына күн туып, жұрт олармен араласудан қорқып, байланысын үзгенде, аталарын бірнеше рет оларға қол ұшын беріп, басын қауіпке тігіп, баспаға беріп, паналатын жасырған екен. Сол үшін өздері де қуғынға ұшыраған. Кейін әкем Асан Қармақшы ауданы сотының төрағасы болған кезде оларға бірнеше рет көмегі тиген. Әміт ишанның ұлы Қасымжан Ысқақ, Құлмағанбет молдалар отбасы



туралы үнемі сұрастырып, арасында соғып кететін болған қатыспай қалғанына өкініш білдіреді. Қармақшыда тұрған Әміт ишан ұрпақтарымен кейін аралары үзіліп қалған, ал Марал ишанның келесі ұрпағы Сүлеймен ишанмен, оның ұлқатарымен қазіргі Сүлеймен ишан көшесінде араласып тұрды. Кейін олардың достығы олардың балаларына беріліп, Асан Қоразбаев пен Әміт ишанның балалары Асқар, Абдолла мен Сүлеймен ишанның баласы Бақытжан кейін олардың да балалары жақын араласқан. Әкемінің тұңғышы дүниеге келгенде Ысқақ молда арнайы Қармақшы ауданының Қызылтам ауылында тұрып жатқан Әміт ишанға Науыметұла ат қойдырған.

Осыдан он жылдай бұрын Ақтөбедегі Әміт ишан ұлы Абдолла ағамен танысудың орайы келді. Екеуі сөйлескенде Әміт ишан Қармақшыда түрмеде отырғанда менің Құлмағанбет атам ескі төте жазумен жазылған өлеңі бар екенін естідім, тауып беруді өтінімді. Үәде берді, кейін бірнеше рет телефонмен сөйлескенде ол хаттың Шымкенттегі Қалмұхаммед ишаннан тарайтын Тобағабыл ишанның ұлы Батырхан ишанның қызы егде жасқа үлкен Қатзада апада екенін естіп, ол кісімен бірнеше рет сөйлестім. Жазғы асхана бөлмесіндегі ескі жүктің ішінде, кейін тауып беруге уәде бергеннен хат табылмады.

Атамның аты жазылған екі ғасырлық хатты іздеуді тоқтатпадым. Былтыр «Ислам және Марал баба» кітабының авторы С.Нуртайұлынан аталарым туралы деректер сұрағанымда ол Алматыдағы «Марал баба» жеке қайырымдылық қорының төрағасы Мұхамеджан Қасымқұлұлымен хабарласуды ұсынды. Адам жатырқаймайтын азамат екен. Менің он жылдан бері іздеген хатым 2023 жылы тамызда қор құжаттары арасында бар болып шықты. Төте жазумен жазылған хат Әміт ишанмен емес, Марал ишанның басқа ұрпағы Тобағабыл ишанның ұлы Батырхан ишанның жазған хаты екен. Хаттың көшірмесін алысымен Сыр бойына белгілі ғалым Қалжан ахунның немересі Хансанатұллаға аударттым. Мұхамеджан Алматыдағы мамандар аудармасы мен Хасанатұлланың аудармасы бірдей болып шықты. Оның әкесі Мағырмал мақсұм Сыр бойынан үдері көшкен кешпен ілесіп, Ауған жерінде кейін Иран арқылы Түркияға қоныс аударған. Хансанатұлла сол елдерде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының араб графикасына негізделген төте жазуды үйренген. Ал өнді екі ғасыр болған хаттың мазмұнына келейік. Сыртында мекен-жайы мен адам аттары орыс тілінде жазылған. Хаттың жазылған күні, айы, жылы көрсетілмеген. Қор мазмұнында 1942 жыл көрсетілген.

Тіпектес ағай, Ысқақ, Хамза, Құлмағанбет, барлық үлкен-кішілер қарындар балалар, ел азаматтарына көптен көп сәлем. Ал өнді бізден амандық сұрасаңыздар, Аллаға жанымыз тірден саулық Кеңес үкіметінде тәрбиесінде міндетті жүгін көтергенге арқалап, осы қырық екінің жылдың басынан бері ауруға шалдығып, аяқ қол кемістікке айналып, ауыр жұмысқа жарамағанын комиссиялар бірнеше ай доқтырға қарашада қалдырып, 20 маусымнан бастап бір демалыс орыны бар екен. Жолдастардан бөлініп қазақтан жалғыз сол орынға келіп, бүгінге дейін жатырмын. Мұсылманнан бір-екі түркімен бір-екі тәжік бар, аты қазақтан – мен. Сонымен «жалғыздың жары – Құдай» деп хатқан жей бар. Өткен жылы Қызылордада Асаннан бір хат алып едім, амандықты біліп қуанып, Ақсудағы мекен-жайына хат жазып едім. Онда Құлмағанбет Шиели канал деген бір жарма қазылып, сонда кетті деп жазған екен. Ол хатымын сіздерден жауап болған жоқ. Ал өнді біздің отбасынан кім бар, кім жоғын Әміттен естіген шығарсындар. Ендігі жерге тілек сол жалғыздың жамандығын көрсетпе деп жатсам-тұрсам керейін. Жақында Асаннан хат алып, амандығына тіпектес болып, дұға қылып хем сіздердің амандықты біліп мекен-жайларыңызды жазған екен. Сол бойынша тірілікті білдіріп, бүгін осы хатты жазып отырмын. Құдайым аман көрсете жазып, инашлла. Аман көрермісі деген үміт бар. Етерек үлкен қауыпте едім, хат рұқсат еткен кезде ең болмаса Әмітке терілік хабарымн тимей көтөме деген күнде болды. Соңында хатты алдық. Тірілікті біліп бірнеше рет Әміттен посылка алып, бұл күнде адам қатарына еңгендей көңіл көтеріліп, денсаулық та жақсарып келе жатыр. Ерікті, кейде еріксіз маған амандықты білдіріп, хатты жиі жазып тұрындар. Ол жерде болса Ақаң ағайға үй ішімен Тентек өзенге қатынасыңыздар. Қадырдан азаматтарға көп сәлем айтасыздар. Сатмағанбетке де сәлем айтарсыз. Өзімде хат жазғаным. Ол көптен жазған хатты алғаным. Рахмет! Ал өнді менің мекен-жайым өзгірі осы. Ронслаг пунктте жатырмын. Әкесі орныма жіберері болмаса осында басқа жаққа жіберері белгілісі. Сондықтан лагункт нөмірін салмай, осы әдреске сала беріндер. Мен қайда барсам да осы әдреспен мұны табады. Қош. Батырхан. Асанға сәлем айтып.

Тобағабыл ишан ұлы Батырхан ишанның хатында жалағаштық Ысқақ, Құлмағанбет аталарымынан басқа бірнеше кісі аты көрсетілген. Онда Хамза Керейт руынан Жалағаш ауданының Аққум ауылында тұрған атақты молда, ол да кезінде Кеңес үкіметі тарапынан қудаланған ұрпақтары қазір Қызылорда қаласы мен Аққум ауылында тұрады. Әзірге хатта көрсетілген Тіпектес, Ақаң Қадыр атты кісілердің кім екенін анықтауға мүмкіндік болмай отыр.

**Хусайын ҚОРАЗБАЕВ,**  
Заңгер, журналист,  
Ақпарат саласының үздігі

# Сотқа дейінгі хаттаманың маңызы

Хаттаманың маңызы тараптарға азаматтық іс қозғалғанға дейін дәлелдемелер алмасуға, сол арқылы даудың болжамды нәтижесін болжауға өз шығыстары мен уақыты мен моральдық шығындарын азайтуға, өзара достық қарым-қатынасты сақтауға, сондай-ақ дауларды соттан тыс реттеу және халықтың қызығушылығын арттыруға жол ашады.



Сотқа талап қою келіп түскен кезде татуластырушы судья тараптарға келесі күннен кешіктірмей татуластыру рәсіміне қатысу үшін шақыру мен сотқа дейінгі хаттаманың үлгісін жібереді. Онда тараптар талаптарының немесе қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасағын келетін тараптардың және іске қатысатын басқа да тұлғалардың ашу, ұсыну және дәлелдермен алмасу жөніндегі іс-әрекеттерін көрсетуге және іс сотта қаралған жағдайда оларды пайдалануға құқылы.

Талапты қамтамасыз ету шараларын қабылдау кезінде шақыру тиіс ұйғарым шығарылғаннан кейін жіберіледі. Татуластыру рәсімдерін жүргізу барысында татуластырушы судья тараптарға татуласудың артықшылықтары туралы түсіндіреді, тараптардың әрқайсысына өздері сілтеме жасағын келетін өз дәлелдерін өзара ашып, ұсынуға кеңес береді. Егер тараптар талап қоюды қабылдау сатысында татуласа алмаса, сот ісі татуластырушы судьяның сотқа дейінгі хаттамасымен бірге істің мәні бойынша қарау үшін басқа судьяға қайта бөлінеді.

Дәлелдемелерді ұсынған адамдар істі сот талқылауына дайындау сатысында ұсынудың мүмкін емесін негіздеп, дәлелдемелер сот талқылауы сатысында ұсынылуы мүмкін. Істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды сот тараптардың және іске қатысатын басқа да адамдардың талаптары мен қарсылықтары негізінде, қолданылуға жататын материалдық және процесік құқық нормаларын ескере отырып айқындайды. Азамат істі сот талқылауына дайындау барысында не осы баптың бірінші бөлігінде белгіленген жағдайларда сот талқылауы барысында ашылған сотқа дейінгі хаттамада көрсетілген дәлелдемелерге ғана сілтеме жасауға құқылы. Осыған байланысты тараптарға сотқа дейінгі хаттама жасау арқылы татуластыру рәсімдерін жүргізу барысында өздерінің талаптары мен қарсылықтарын негіздеуіне дәлелдемелер ұсынған жағдайда, бұл оларға қарым-қатынасты сақтауға, моральдық және материалдық шығындарды азайтуға, дәлелдемелер мен дәлелдер алмасуға, сот талқылауының болжамды қорытындысын болжауға, ымыраға келуге, жанжалды сот дауларының аяқтауға мүмкіндік береді.

Тараптар сотқа дейінгі хаттаманы жасамай, он жұмыс күні ішінде татуластыру рәсімдері шеңберінде келісімді бекіту туралы етініш жолдаса, судья азаматтық іс қозғау және оны сот талқылауына дайындау туралы ұйғарым шығарады. Сотқа дейінгі хаттаманы жасай отырып татуласқан жағдайда мұндай ұйғарым он бес күннен кешіктірілмей шығарылады.

**Сахи ҒАЛЫМ,**  
аудандық соттың  
бас маман-сот отырысының хатшысы

## Мезгіл мәселесі



## Су айдындарында қауіпсіздік ережелерін сақтайық

Жазғы маусымда кент және ауыл тұрғындары күннің ыстық кезінде өзен жағасында күндіз және кешкілік көпшілік болып жиналып от жағуды ұйымдастырады. Сол жаққан оттың көбін толығымен сөндіріп кете береді. Аяғында жаққан оттан дала өрті пайда болып жатады. Салдарынан табиғатқа қаншама шығын келеді.

Суға шомылуға барғанда да өзен жақсын ластанбауды, шыны бөтелкелерді қалдырмауды, жаққан отты толығымен сөндіріп кетуді әдетке айналдырумыз керек. Мұның бәрі өлгенді келесіз жағдайлардың алдын алуға маңызды екенін қаперден шығармаған жөн. Сонымен қатар адамдар өзен-көлдерге шомылуға жиі барады. Сол себепті әркім өз өмірі үшін қауіпсіздік ережелерін сақтауы тиіс.

Арнайы шомылуға арналған жерге суға түсуі қажет. Суға түсуге шығарда міндетті түрде жуу құралдары техникалық жағынан тұзу болуы тиіс, сондай-ақ жеке құтқару құралдарымен жабдықталуы қажет, яғни құтқару желісі, суға батырмайтын дөңгелек камера жауып тиіс.

Егер жүзу білмеген жағдайда арнайы құтқару желігін кию керек. Сондай-ақ міндетті түрде қайық үстіндегі тәртіп ережелерін білу қажет. Қайық үстінде тұруға және жүруге болмайды, қайықты бірден қатты қозғалту немесе шайқау, борт сыртына еңкею де аса қауіпті екенін қаперден шығармаңыз.

Ересек адамдарсыз көмелет жасқа толмаған балаларға жүзу құралдарын пайдалануға тыйым салынады. Көмелет жасқа толмаған балаларға үлкендердің қарауының суға шомылуға болмайды.

Аудан тұрғындарына айтармыз, су айдынына шығарда өз қауіпсіздігіңіз туралы ұмытпағаныңыз жөн. Қоршаған ортаны қорғауға және қауіпсіздік шараларын сақтап, орындауларыңыз керек. Сонда ғана қауіптің алды аулаға болады. Бір сөзбен айтқанда, сақтансақ, сақтайтынымыз назарда ұстайық.

Төтенше жағдай алынған жағдайда 101 немесе 112 телефондарына хабарласыңыздар!

**Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі**

Сараптама

# Жетімін жылатпаған ел едік...

«Қазақ – жетімін жылатпаған халық» деп кеудемізді шар кергендей кердең қағамыз. Шыны керек, бүгінде елімізде ата-ананың асырауынсыз қалған жетім бүлдіршіндеріміз көбейген. Көңілге кірбің түсіретіні, бұрын орыс ұлты баласын жетімдер үйіне тастайды деп мысқылдайтын болсақ, ал қазір сол ата-анасыз балалардың көпшілігі – өзіміздің қазақтар. Әрине, қоғамда «біздің мұндай жағдайға жетуімізге не себеп?» деген заңды сұрақ туындайтыны рас. Тарқатайық...



## Бала асырап алушылардың кезегі көп

Статистикаға сүйенсек, қазір елімізде жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар 5 мыңға жуықтайды. Ал ауданда 35 жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған бүлдіршін бар. Айта кететін жайт, тағдырдың төлегеніне түскен бұл балаларға аудандық білім бөлімі жанындағы қамқоршылық және қорғаншылық органы тарапынан жәрдемақы төленеді. Сондай-ақ оқушылардың жазғы демалысында аудандық білім бөлімінен сауықтыру лагерлеріне жолдама беріледі. Әрине, бұл көмектер ата-ананың орын толтырады деу қисынсыз, десе де осындай қолдаулар балаларымызға үлкен демеу болары анық.

Бүгінде бала асырап алушылардың кезегі көп. Иә, жетім балаларды өз бауырына басқисы келетіндердің саны артқаны қуантады. Десе де асырап алған балалардың барлығы ата-ана мейірімін көріп, толыққанды отбасылық өмірді сезініп жатыр дегуе ерте. Өйткені балаларды кері қайтарып беретін отбасылар да бар көрінеді. Айтуда қиын, десе де асырап алған балаларын құл секілді ауыр жұмысқа жегіп, балалық шағын ойран етіп жатқан азаматтар да кездеседі. Әрине, бес саусақ бірдей емес, мемлекет қамқорлығынан кеткен балалардың да сол отбасыға өз туған баласындай сіңісіп, білім, тәрбие алып жатқаны да жоқ емес.

## Заң жетімнің құқығын қорғауа дайын

Негізінде, заң жетімнің құқығын қорғауға толығымен дайын. Өйткені бала асырып алу оңай дүние емес. Осы күні балаларды асырап алатын ата-аналарды түрлі тексерістен өткізетін орталықтар жұмыс істеп тұр. Қосымша төрт жылдан бері әлеуетті асырап алушыларды міндетті пси-

хологиялық-педагогикалық даярлау қоса енгізілді. Заңның бір шікі тұсы, бала асырап алуға саналы түрде барып, артында ойынан айнып қалатындарға ешқандай жауапкершілік қарастырылмаған. Бала асырап алушылардың қара тізіміне енгізілмесе, мемлекет берген бір-жолғы жәрдемақдан бөлек, ай сайын төлеңетін қаражатты қайтаруға да міндеттелмейді. Әрине, патронаттыққа алған отбасылардың барлығын кінәлаудан аулақпыз. Олардың арасында да үлгілі еке, мейірімді ана болып отырғандар көп.

Жуырда ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары жетімдердің жайын тағы қозғады. Бұған дейін де олар қорғаншылық және қамқоршылық, бала құқықтарын қорғау қызметтерінің жай-күйі туралы мәселені бірнеше рет көтерген. Халық қалаулыларының айтуынша, елдегі бала құқығы Конституциядан бастап бірқатар заңмен реттелді. Бұл мәселе Мемлекет басшысы мен жалпы қоғамның назарында болғанына қарамастан, отбасы қамқорлығына алынған балалардың мәселесі толық шешілмей тұр.

## 17 660 бала отбасында тәрбиеленуде

Депутаттардың мәліметінше, республикадағы 22081 жетім және ата-анасынсыз қамқорлығынсыз қалған баланың 18291-і отбасыларда тәрбиеленеді. Оның ішінде қорғаншылық және қамқоршылықта – 16 197, патронаттық тәрбиеде – 1 743, патронаттық тәрбиеге алынғандардың саны – 351. Алайда Үкімет өкілдерінің журналистерге берген баспасөз брифингінде бұл сан әлдеқайда азайған. Мәселен, соңғы статистикада елде 21 387 жетім баланың 17 660-ы ғана отбасыларда тәрбиеленіп жатқаны айтылған. Бұған қоса жыл сайын отбасына мыңнан астам жетім бала қабылданып, ал тәлімгерлік институты

енгізілгені елде 300-ден астам адам жетім балаларға тәлімгер болған.

## 1 қызметкер 17 мың балаға жауапты

Жетімдердің жай-күйін қадағалауға тиіс қорғаншылық және қамқоршылық органдары қызметкерлерінің республика бойынша штаттық саны небәрі 421 маманды құрайды. Соның ішінде 263-і – мемлекеттік қызметші, 158-і – әдіскер. Демек, елімізде 1 қызметкер 17 мың баланың тағдырына жауапты. Ал Астана, Алматы, Шымкент қалаларында және Алматы, Түркістан облыстарында бір қызметкерге 30 мыңнан 100 мыңға дейін бала келеді. Қорғаншылық мамандары негізгі қызметінен бөлек, ұзақ сот үдерістеріне қатысады. Сондықтан халық қалаулысы Ажар Сағындықова мемлекеттік қорғаншылық және қамқоршылық органдарының проблемаларына қатынасын қайта қарау керек екенін айтады. Бұл қызметкерлердің қызметі мен лауазымдық міндеттері туралы ережелерді түбегейлі қайта қараудан басталып, осы ұйымдардың штатын ұлғайту уақыт күттірмейтіні екенін жеткізген.

– Ата-аналардың асырап алған балаларына деген қарым-қатынасының дұрыс емес екенін көп естіміз. Балалардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті күшейту қажет. Біз өйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігі туралы заңды өзгерттік. Алайда балаларды тәрбиеленіп отырған отбасылардың жағдайын бақылауды екі есе күшейту керек, – дейді Ажар Сағындықова.

## Бала асырап алушыларға талап қатаң

Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Насымжан Оспанова

«Неке және отбасы туралы» кодекске сәйкес бала асырап алушылар бала 18 жасқа толғанға дейін жылына кемінде бір рет қорғаншылық немесе қамқоршылық органдарына өмір сүруі, оқуы, тәрбиеленуі мен денсаулығына қатысты есеп беруге тиіс екенін айтады. Осы заңда ата-ана құқығынан айырылмаған немесе шектелмеген, тұрақты тұратын сотталмаған, нарколог, психологтың есебінде жоқ, табысы мен баспанасы бар адамдар ғана бала асырап алуға болатыны да тайға таңба басқандай көрсетілген. Сондай-ақ бала асырап алушылар міндетті түрде психологиялық дайындықтан өтуі керек. Бала асырап алушыларға қойылатын талаптар кодекстің 91-бабында регламенттелген.

Сонымен қатар балалар үйіне жүргізілетін тексеріс тәртібін қайта қарайтын тұсы көп. Мәселен, орталыққа тексеріс келетіні ресми түрде айтылады екен. Бұл уақыт ішінде орталық өкілдері сақдай-сай дайындалып алары анық. Дәл сол секілді асырап алушылардың отбасында да жарты жылда бір рет жүргізілетін тексеріс жетімдердің мәселесін шешіп отырған жоқ. Жылына бір рет келетін тексеріс 10 күн бұрын хабарланады екен. Осы 10 күн ішінде отбасында «түсіндіру» жұмысы жүретіні заңдылық. Жасыратыны жоқ, асырап алған баласына дұрыс қамқоршылық жасамайтын ата-ана уақытша мейірімді еке-шешеге айналары сөзсіз.

Түйін: Әрбір бүлдіршіннің өз ата-анасының жүрек жылуы мен аялы алақансын сезініп өскеніне не жетсін?! Қазақ халқы қашанда жетімін жылатпағанын жатқа бермегенін, олардың тағдырына бейжай қарамағанын ескерсек, қарақөз сөбілеріміздің толыққанды отбасында тәрбиеленуі еліміздің бүгінгі мен болашағы үшін маңызды.

Жандос ЖАЗКЕН

## Әңгіме



## Сенімім жылап қалды

Ол өңірде мұны сағына күтер ешкім қалмаса да, сағынышы сарқылар емес. Шыр-шыр тағдыр жолы шырғып, естеліктері ескірсе де көңіл-күйінің әлдебір сезімі көнер емес. Иесі жоқ сезімдерінің киесі бардай көрінген. Жетімсіреген желмен бе, ағысы тұнық баяу өзенмен бе, тұлдырлау жадау таумен бе, туыстығы бардай сезінеді.

Психолог жүзіне барлай қарап «Әу бастан-ақ ғарыштық өлеммен байланысың бар. «Төбесі тесік» дегенді естуің бар ма? Біздің қазақ та талқы халық қой, шіркін. Иә, төбесі тесік. Аспаннан ағылып ақпараттар келеді. Келген ақпараттарды ұстай алмай, яғни өз каналыңды таппай, сөзделіп жүрсің. Сондықтан әуедегіңі ұстай алмай алаң тұмыр кешудесің» деп болжам айтқан.

«Ол да дұрыс шығар» деген сенімшілігіне салып, «кей жандар аспаннан төгіліп өлең келеді деп жатады ғой. Бұлғырлар әрі түсініксіздеу жазатынынның себебі де сол шығар» деп қамғып қалған.

«Мейлі, аспаннан келмесе, жердегіңі де жазып тауысайшы, құлыным» дейтін анасы қамқор үнмен. Алайда жербауыр олардан жерітін кездері де аз емес. Аспаңдап кетіп асқақ ойлар айтқысы келеді-ақ. Бірақ адысып қала береді. Иә, ойдан адысып қала береді. Балалығының бал дәуренінде биікке құмар болатын. Ауыл шетіндегі жотаға шықса, ойлары да жоталанып кеткендей жыр жазатын. Таудың биік шыңына шыққан сәтте тілтіп қанаттанып кеткендей күй кешкен. Тау ауасы құбылмай, Көнет аспанның тас-талқаны шығып, жаркылдап найзағай ойнаған. Аспанның ала көзіндегі сол аласапыран сәт жадында сақталып қалды. Асқақ рухын жермен-жерекен өткендей. Қорыққанынан тасты құшақтап жата кеткен. Бауыры сөз сол тауға бауыр басып қалғандай.

«Туған жерге барайықшы» деген құрбысы Жәудір: – Ата-анам Құран бағыштап, құлпытас қоймақшымын, – деді.

Жәудірдің ниетін құптап, тез жинала бастады. Қабір басында жылауға болмайтынын ескертсе де, Жәудір солқылған баса алмастан егілді. Оның кеудесін күйлеген қайғы-мұңның салмағы иығын селкілдетіп бара жатқандай. Жан дүниесіндегі бұлғысты ту сыртынан сезіп отыр. Отыз екі жасында дүниеден өткен ана бейнесі құлпытасан мөлдіреп қарайтындай. Ағарыңқыраған шашын орманалына жасыра, өзінен де жас көрінер ана суретінен қысылатындай. Өмір бойы таба алмаған мейірімін сол төмпешікте екенін ұғынғандай бейітке жауғандай қарайды. «Бір кезде марқұм анасы да перзенттерін қимай, қарайлай-қарайлай о дүниелік болған шығар» деген ой мазалады.

Балалық шағының бір сәті естеліктер тілінде сөйледі. Жәудірдің үйіне барып, сабаққа дайындалған. Қарны ашқасын тамақ пісірмек болған Жәудір қолын күйдіріп алып, жылап қалған. Бұл да өлдененен қорыққандай қосыла жылаған.

– Анаң жұмыста ма?  
Мұның сұрағын естімегендей Жәудір анырап тұра берген. Кешке анасынан Жәудірдің анасының бақилық екенін естігенде жанын үрей билеген. Иә, Жәудір талай рет қолын ғана емес, жанын күйдіріп алған болар. Сол кезде қасынан мейірім таба алмай, шырқыраған сәттері де аз емес шығар. Анау бұлғын мен тебірінісіңіз томағатүйек сырларының бір сәттік көрінісі іспетті.

Қонақасын өткеріп, ертең Құран бағыштапмақ. Жалғыз өзі өзенге аяндады. Балалық шағында талай кешкен ерке өзен де бұлғып ағып жатқандай сөзілді. Тентектігін жоғалтып алғандай, байсалды бола қалыпты. Балалығы да әр жотаның түбінде тығылып қалып, көрінуге ұялатындай. Ауыл шетіндегі қызыл шатырлы үй көзіне ыстық көрінді. Көңіл төрінде орнап қалған сүйікті ұстазының үйі. Ұстазына деген сағыныш сол үйге еріксіз жетелеп барады. Салқын қарсы алған ұстазы жүзіне барлай қарап: – Өзгерме қоймапсың? – деді өлденеге көңілі толмағандай.

Жайқалған бақтың ішінде жабырқау сыр шертті. Жалғыз ұлы Асқары өзге дінде еніп кеткенін, басқа қалада тұрып жатқанын, өзі көмпірі екеуі зейнеткерлікте екенін тілге тиек етті. Қайғырағаны да, күйзелісін де көре алмадың. Кінәлағаны да, жазығың да дауысынан байқалмайды. Бізді адалдыққа, тазалыққа тәрбиелеген ұстазымыз отбасы тәрбиесінде неге қауқарсыз? Ақылды да сабырлы ұста өз баласының қателігіне қалай жол берді? Оймен әлек болған жүзіме қарап жұбатқандай.

– Білесің бе, ол дін де жаман емес екен. Біз өзіміз ғой әншейін шошып жүрген. Білместік, діни сауатсыздық қой бізді шошындыра беретін. Әйтпесе ол дін де өтірік айтауға, алдамауға үйретеді екен. Иә, жаман дін емес. Үрейленгенім. Үрей ғой бізді құртатын. Қазір үйрендім.

Ұстазым ақталып жатыр ма? Жоқ, ақталаудан уағызға көбірек ұқсайтындай. Құрметтеу сезімім аянышқа ұласып бара жатты. Көше-көшені кезіп, уағыз айтып жүрген қала көрінісі қол алдыма келді. Жабырқау түрде жалт бұрылдым. Тезірек кетуге асықтым.

Келе жатып, асқақ тауға аңыра қарайым. Жалғыз тауым міз бағар емес. Ұстазыма сәлем беріп, Құранға шақырып келгенімді Жәудірге көңіліздеу жеткіздім. Досымның жүзінен де ағайға деген құрмет сезілмей қалмады. Құранға ұстазымыз келмеді. Оның төрдегі орны үңірейіп тұрғандай. Шапан жабам деп өбігер болған Жәудірдің шапаны мен беркі егесін таппай қалды.

– Ауырып қалған ба? – дейді маған сұраулы жүзбен.

– Иә, ауырып жүр екен, – деймін күмілжіп.

Көудемдегі бір әдемі естелігіме сызат түсті. Сезімге сызат түссе, кінәмшіл күй кешеді. Бала кезден бойыма сіңген сезімім жылап қалды. Қалай жұбатарымыз білмеймін.

Зылиха ЖАНТАСОВА,  
филология ғылымдарының  
кандидаты, доцент

Жандос МАХМУТҰЛЫ

# Жатақхана жыры басты назарда



Оқу жылы аяқталысымен шешімін таппай келе жатқан ескі мәселелер бой көтереді. Сондай мәселенің бірі – жатақхана жыры. Жалпы жатақхана мәселесі жастарымыз қалаға шоғырлана бастағанына пайда болып, содан бері біржақты шешімін таппай келе жатыр. Бұл жыл сайын, әсіресе студенттерді зуре-сарсаңға салады. Шыны керек, жылда қайталанатын жағдай.

«Қыстың қамын жаз ойла» демекші, жуырда Үкіметте колледждік бен жоғары оқу орындарының студенттерін жатақханамен қамту мәселесі қаралды. ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Тамара Дүйсенованың төрағалығымен өткен кеңеске орталық мемлекеттік органдардың өкілдері мен облыс әкімдерінің орынбасарлары қатысты.

Ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұловтың сөзінше, биыл 10 576 орынға шақталған 27 жатақхананы қолдануға беру жоспарланған. Олардың 19-ы жоғары оқу орындарында, 8-і колледждерде салынуы тиіс.

Нақтырақ тоқталсақ, қазірде 1540 орынға арналған 7 жатақханада тиісті жұмыстар толығымен аяқталып, келер оқу жылына студенттерді қабылдауға әзір. Құрылыс немесе реконструкция жұмыстарын жүргізу бойынша облыстар мен республикалық маңызы бар қалаларда жол карталары дайындалған. Жоспарланған нысандардың дені қыркүйекке дейін пайдалануға берілмек.

Ғылым және жоғары білім вице-министрі бүгінде құрылыс, реконструкция қарастырылған ғимараттардың басым көпшілігінде жұмыс 75 пайыздан жоғары орындалғанын жеткізді. Үш нысандағы тиісті жұмыстар 50 пайыз шамасында атқа-

рылған. Олар Алматы қаласы мен Ақмола, Қызылорда облыстарына тиесілі. Аймақ әкімдерінің орынбасарлары барлық шаралар жоспарға сай аяқталды деп сендірді.

– Құрылыс маусымының уақыты шектелуі. Сондықтан жауапты министрліктермен қатар облыс әкімдіктері жұмыстың уақытылы әрі сапалы атқарылуын тұрақты түрде қадағалауы керек. Нысандардағы құрылыс, реконструкция шараларының қарқынын айта сайын қарастыратын боламыз. Бұл жұмысқа жеке кәсіпкерлердің қызығушылығы жоғары екенін байқалады. Сол себепті жатақхана салуға ниетті бизнес өкілдеріне қажетті жағдай жасауға қатысты шараларды қарастыру қажет, – деді вице-премьер Тамара Дүйсенова.

Былтыр 10 304 орынға арналған 43 ғимарат пайдалануға берілген. Алайда демографиялық өсім қосымша орындарды қарастыруды қажет етеді. Осы ретте Ғылым және жоғары білім министрлігі ұзақмерзімді жоспарды да өзектендіруді қолға алған.

Айта кетейік, бүгінде аудандағы Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжіндегі 50 орындық жатақханада 18 студент тұрады. Онда студенттерге толыққанды барлық жағдай жасалған.

Телефондар:  
Бас директор - 8(7242) 70-00-36  
Бас редактор - 32-0-41  
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.  
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.  
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.  
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8(7242) 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісесі 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 906

Меншік иесі:  
**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
**Марат АРАЛБАЕВ**  
Жалағаш аудандық  
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы  
Бас редактор  
**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**